

**Азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2006 жылғы 10 қазандағы N 240/27 шешімі. Қарағанды облысы Шахтинск қаласы Әділет басқармасында 2006 жылғы 03 қарашада N 8-8-28 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының IV шақырылған XXI сессиясының 2010 жылғы 9 шілдедегі N 581/21 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының IV шақырылған XXI сессиясының 2010.07.09 N 581/21 шешімімен*

*Р Қ А О е с к е р т п е с і .*

*Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.*

*Ескерту. Атында және бүкіл мәтін бойынша "қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін" деген сөздерді "телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін" деген сөздерімен ауыстырылды - Шахтинск қалалық мәслихатының 2009.07.03 N 488/13 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.*

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 949, "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 қарашадағы N 1092 қаулысына сәйкес, қалалық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

*Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Шахтинск қалалық мәслихатының 2009.07.03 N 488/13 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.*

1. "Азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және телекоммуникация қызметтерін

көрсеткені үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Ережесі" бекітілсін. (қосымша)

2. 2006 жылғы 7 маусымдағы Шахтинск қалалық Мәслихаттың XXIV сессиясының N 203/24 "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінде тіркелген нөмірі 8-8-25, 2006 жылғы 21, 28 шілдедегі N 29, 30 "Шахтинский вестник" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалысына бақылау жасау әлеуметтік сала және заңдылық, (Исатаев К.) аумақтың экономикалық дамуы мен бюджеттік жоспарлау мәселелері жөніндегі (Поляков А.) тұрақты комиссияларына жүктелсін.

4. Осы шешім ресми түрде жарияланғаннан бастап іске енеді.

*Сессия төрағасы*

*Ж. Құрманбаев*

*Қалалық Мәслихаттың хатшысы*

*М. Байманов*

Қ а л а л ы қ

М ә с л и х а т т ы ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

1 0

қ а з а н д а ғ ы

Х Х V I I

к е з е к т е н

т ы с

с е с с и я с ы н ы ң

N

2 4 0 / 2 7

ш е ш і м і м е н

бекітелген

**Азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Ережесі**

Осы Ереже Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 қарашадағы N 1092 "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 512 "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" және азаматтарға тұрғын үй жәрдемақыларды беру ретін анықтайды.

*Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Шахтинск қалалық мәслихатының 2009.07.03 N 488/13 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.*

**1. Жалпы ережелер**

Осы Ережеде мынандай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жәрдемақыны беру жөніндегі уәкілетті ұйым - екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымдар;

2) жиынтық табыс – отбасының ақшалай да, заттай да нысанда алған табысының жалпы сомасы;

3) әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы (бұдан әрі - телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы) – тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтынуға ақы төлеу жөніндегі тұрғын үй көмегінің құрамына кіретін, телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің көтерілу шығындарын өтеуге арналған және қолданыстағы абоненттік төлемақы мен 2004 жылғы қыркүйекте қолданылған абоненттік төлемақы арасындағы айырма ретінде белгіленетін ақшалай өтемақы.

4) отбасы - заңнамада белгіленген тәртіппен бір мекен-жай бойынша бірге тұратын және тіркелген, отбасы құрамында тұратын некеден, туыстық, асырап алудан немесе балаларды тәрбиелеуге алудың басқа да үлгілерінен шығатын мүліктік және мүліктік емес құқықтармен және міндеттермен байланысатын тұлғалар саны;

5) өтініш беруші (жеке тұлға) – жеке өз басы немесе отбасы атынан тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауға өтініш беруші тұлға;

6) тұрғын үй жәрдемақысы - тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметті тұтынуға, қатты отын сатып алуға төлем шығындарын қайтару үшін, сондай-ақ телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылулары бойынша тұрғындарға берілетін өтемақы;

7) уәкілетті мемлекеттік орган – қаланың аумақтық атқарушы органы.

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Шахтинск қалалық мәслихатының 2009.07.03 N 488/13 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.*

2. Тұрғын үй жәрдемақысы Шахтинск аумағында тұрғылықты тұрақты тұратын адамдарға мынадай жағдайда, егер тұрғын үйді күтіп ұстау төлеміне шыққан шығын, көп бөлмелі тұрғын үй кондоминиумы объектісінің жалпы мүлкін күрделі жөндеу, қатты отын мен коммуналдық қызметті тұтыну тұрғын үй алаңының мөлшері шегінде болса, нақты тұратын жалпы алаң көлемінен жоғары болмай және осы мақсатқа жіберілетін шығындар шегіндегі үлестен артпайтын отбасы бюджетінің коммуналдық қызметті тұтыну мен тұрғын үйді ұстауға, көп бөлмелі тұрғын үй кондоминиумы объектісінің жалпы мүлкін күрделі жөндеу, қатты отын сатып алуға, сонымен қатар, телекоммуникация

қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына шыққан шығындар мөлшерлері болса ғана беріледі. Тұрғын үйді күтіп ұстауға, көп бөлмелі тұрғын үй кондоминиумы объектісінің жалпы мүлкін күрделі жөндеу, тұтынған коммуналдық қызметтер төлеміне, қатты отын сатып алуға және телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуы, тұрғын үйлерді күрделі жөндеуден өткізу кестесі, жоспарланған жөндеу жұмыстарының көлемі және олардың шыққан шығындардың шектік үлесі Қазақстан Республикасының қолданылатын заңнамасына сәйкес белгіленеді. Тұрғын үйді күтіп ұстауға, көп бөлмелі тұрғын үй кондоминиумы объектісінің жалпы мүлкін күрделі жөндеу, тұтынған коммуналдық қызметтер төлеміне, қатты отын сатып алуға және телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына шыққан шығындардың шектік үлесі отбасының жиынтық табысының 10 % мөлшерінде белгіленеді

*Ескерту. 2 тармақ жаңа редакцияда - Шахтинск қалалық мәслихатының 2009.04.22 N 468/12 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтанқараңыз) шешімімен.*

## **2. Көрсетілетін тұрғын үй жәрдемақысының мөлшерін анықтау**

3. Тұрғын үй жәрдемақысы өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органдарымен келесі нормалар бойынша беріледі:

1) өтемақылық шаралармен қамтылған тұрғын үй алаңының нормалары тұрғын үй заңнамаларымен бекітілген (18 шаршы метр) отбасының әр мүшесіне ұсынылған тұрғын үй нормаларына балама, көп бөлмелі пәтерлерде тұратын жалғызділікті азаматтар үшін - 30 шаршы метр;

2) газды тұтыну нормасы: орталықтандырылған ыстық сумен жабдықталған жағдайда - 1 адамға айына 8 к и л о г р а м м ;

орталықтандырылған ыстық су болмаған жағдайда – 1 адамға айына 10 к и л о г р а м м ;

3) электр қуатын тұтыну нормасы: газ плитасымен жабдықталған үйлерде - отбасына айына 150 киловатт; электр плитасымен жабдықталған үйлерде – отбасына айына 250 киловатт;

4) суық суды, канализацияны, ыстық суды, қоқыс шығаруды, эксплуатациялық шығындарды тұтыну нормалары (пәтер меншіктерінің кооперативі, өзін-өзі басқару комитеті, үй комитеттері және тағы басқа) басқару нышанына байланыссыз қызмет көрсетуші қызмет көрсетудің түріне сәйкес тарифті бекіткен кезде қарастырылған норма бойынша есептеледі.

5) қатты отынды тұтыну нормасы: жылу беру мерзімі 7 айға есептегенде 1 шаршы метр алаңды жылытуға – 1-2

қабатты салынған үйлер үшін 346 килограмм, 3-4 қабатты салынған үйлер үшін 225 килограмм, 5 қабатты салынған үйлерге 134 килограмм.

Тұрғын үй жәрдемақысын есептеу барысында статистика органдарының мәліметтері бойынша Шахтинск аумағында өткен тоқсандағы қалыптасқан көмір бағасы пайдаланылады.

4. Тұрғын үйді ұстау, коммуналдық қызметтерді және қатты отында белгіленген нормадан жоғары тұтыну жалпы негізде жүргізіледі.

### 3. Тұрғын үй жәрдемақыларды тағайындау және төлеу тәрібі

5. Тұрғын үй жәрдемақылары Шахтинск аумағында тұрақты тұратын және үй иелері немесе пайдаланушысы болып табылатын (жалға алушы, жалдаушы) жеке тұлғаларға тағайындалады.

6. Жеке меншігінде бірнеше үйі бар (пәтер, үй) немесе тұрғын үйлерін жалға беретін (жалдайтын) немесе жалдайтын отбасылары тұрғын үй жәрдемақысын алуға құқықтарын жоғалтады.

7. Егер де медициналық санитарлық сараптама қорытындысы бойынша мүгедек деп танылған адамдар, мүгедектерді және 80 жастан асқан күтімді қажет етеді деп танылған адамдарға күтім жасайтын немесе 3 жасқа дейінгі баланы (бір немесе одан көп) тәрбиелеумен айналысатын, сонымен қатар кіші баласы бірінші сыныпты аяқтағанға дейін (бірақ 9 жастан жоғары емес) 4 және одан да көп баланы тәрбиелеумен айналысатын адамдарды есепке алмағанда, отбасында еш жерде жұмыс істемейтін, күндізгі оқу нышаны бойынша оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін, жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелмеген жұмысқа жарамды адамдар тұрса, ондай отбасылар тұрғын үй жәрдемақысын алуға құқықтары жоқ.

*Ескерту. 7 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2008.04.03 N 390/5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.*

8. Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау туралы мәселені шешуде дау-жанжалдық немесе қалыпсыз жағдайлар туындаған жағдайда жәрдемақыға үміткер тұлға оны сот арқылы шешіп алуға құқығы бар.

9. Тұрғын үй жәрдемақысының мөлшері тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтер, қатты отынды сатып алуға айғақтық шығыннан және телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына нақты төлемақыны аудару сомасынан артуы тиіс емес.

10. Тұрғын үй жәрдемақысы қолма-қол, қолма-қолсыз ақы және аралас нышанда беріледі.

Қолма-қол ақы нышаны ақшалай төлем түрінде белгіленеді. Тұрғын үй жәрдемақысының төлемі жәрдемақылар төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдар жергілікті бюджет қаражаты есебінен азаматтардың салымы бойынша

есепшоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады.

Қолма-қолсыз ақы төлемнің нышаны берілген қызмет түріне шақ келетін тұрғын үй жәрдемақысының сомасына тең сомаға коммуналдық қызмет түрінің әрқайсысына төлемді азайту түрінде белгіленеді. Бұл жағдайда қызметтің әр түрі бойынша тұрғын үй жәрдемақысының сомасы тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау бойынша уәкілетті орган жәрдемақы алушының жеке шотына есепке жатқызу үшін коммуналдық қызметті жеткізушілерге аударылады.

Аралас нышан берілген қызмет түріне шақ келетін тұрғын үй жәрдемақысының сомасына тең сомаға коммуналдық қызмет түрінің жеке түріне (жәрдемақы алушының таңдауы бойынша бір немесе бірнеше) төлемді азайту түрінде белгіленеді. Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау бойынша уәкілетті орган таңдалған қызмет түрі бойынша тұрғын үй жәрдемақысының сомасын жәрдемақы алушының жеке шотына есепке жатқызу үшін коммуналдық қызметті жеткізушілерге аударылады. Жәрдемақының қалған бөлігін тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау бойынша уәкілетті орган қолма қол ақы нышанында азаматтардың салымдары бойынша есепшоттарына есепке енгізу арқылы төлейді.

Тұрғын үй жәрдемақыларын төлеу нышанын таңдау құқығы (қолма-қол ақы, қолма-қолсыз ақ, аралас) алушыға беріледі.

көп бөлмелі тұрғын үй кондоминимумы объектісің жалпы мүлкін күрделі жөндеу үшін енгізілген тұрғын үй жәрдемақысы сомасын кондоминимум объектісің арнайы жинақтаушы есепшотына жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган аударды

*Ескерту. 10 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2007.07.12 N 312/34 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.*

11. Уәкілетті органдар тұрғын үй жәрдемақысын алғаннан кейін коммуналдық қызметтер мен тұрғын үйді ұстауға шыққан нақты шығындарды 1 айдың ішінде дәлелсіз себептермен төлемеген (науқастануы, уақытша болмауы және тағы басқалар) азаматтарға тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауды тоқтата тұруға және күшін жойдыруға құқығы бар. Тұрғын үй жәрдемақысын тоқтата тұру және күшін жойдыру мәселесін тұрғын үй жәрдемақысын алушысының шақырылуымен арнайы комиссия қарайды. Комиссия шешімінің көшірмесі өтініш берушіге тапсырылады.

12. Тұрғын үй жәрдемақылары төлемдерін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

#### **4. Тұрғын үй жәрдемақысын өтіну және есептеу тәртібі**

13. Тұрғын үй жәрдемақысы тоқсан сайын отбасы құрамы және табыстары туралы мәліметтерді бере отырып, өтініш берілген айдан бастап барлық қажетті

құжаттармен алты айға тағайындалады. Ағымдағы тоқсан бойы отбасы құрамы және табыстары туралы мәліметтерді ұсынбаған отбасылар, себебіне қарамай, тұрғын үй жәрдемақысын есептеу тоқтатыла тұрып, құжаттар ұсынылған айдан бастап қайта жүргізіледі. Келісім-шарт мерзімінің аяғына дейін табыстары туралы және отбасы құрамы туралы мәлімет тапсырмаған отбасыларына қалған айларға тұрғын үй жәрдемақысы есептелмейді.

14. Тұрғын үй жәрдемақыларын тағайындау үшін өтініш беруші жеке уәкілетті органға немесе Халыққа қызмет көрсету орталығы (бұдан әрі – ХҚО тиісті септікте) белгіленген үлгідегі өтінішімен (1 қосымша) келесі құжаттарды ө т і н е д і :

1) жеке басын куәландыратын құжат;  
2) тұрғын үйге құқығын анықтайтын құжат (ордер, тұрғын үй жекешелендіру туралы келісім-шарт, сату-сатып алу келісім шарты, сыйға беру келісім-шарты, мұрагерлік құқығы жөніндегі куәлік, жалдау (жалға алу) келісім шарты, меншік құқығын тану жөніндегі сот шешімі және басқалар) - түпнұсқаны және кө ш і р м е н і ;

3) отбасы құрамын (азаматтарды тіркеу кітабы, пәтердің карточкасы, үй кітабы) - түпнұсқа және көшірме және тұрғылықты жерін анықтайтын құжат;

4) өтініш берушінің отбасы жағдайын анықтайтын құжат (неке туралы немесе некені бұзу туралы куәлік, 65 жастан асқан жалғыз басты адамдарды қоспағанда, кәмелетке толмаған балалардың туу туралы куәліктері, жалғыз басты ананың анықтамасы) түпнұсқалары мен көшірмелері;

5) өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің қызмет түрін растайтын құжаттар (еңбек кітапшалары, жеке еңбек келісім-шарттары, жұмыс орнынан а н ы қ т а м а және б а с қ а л а р ) ;

6) тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерге төлеу жөніндегі шығындар туралы берілген үлгідегі мәліметтер (2 қосымша), қатты отын сатып алғандығын растайтын анықтамалар (отын жіберуде сатып алушымен тасымалдаушының толық мекен-жайы көрсететін есеп немесе жапсырма, тасымалдау ұйымының аталуын, орналасқан жері, салық және банктік реквизиттері, сатып алушының аты-жөні, тегі, ЖИН, үйінің мекен-жайы, тасымалдау ұйымының мөрі мен лауазымды тұлғаның қолымен куәландырылған, алынған отынның көлемімен б а ғ а с ы ) ;

7) отбасы мүшелерінің табысы туралы мәліметтер 7 қосымшаға сәйкес ұсынылады, оларды дәлелдейтін құжаттар (еңбек ақы, зейнетақы, әлеуметтік жәрдемақылар туралы анықтамалар, пошта аударымдарының түбіртектері және тағы басқалары), жеке үй шаруашылығы бар екендігі туралы мәліметтер белгіленген үлгі бойынша ұсынылады;

8) жұмыссыздар жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті органның

*Ескерту. 14 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2007.07.12 N 312/34 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2008.04.03 N 390/5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2009.07.03 N 488/13 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.*

15. Ұсынылған құжаттардың негізінде уәкілетті органның маманы белгіленген үлгідегі отбасы құрамы жөніндегі мәліметті толтырады, құжаттардың көшірмелерін растамалайды, одан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады, ал өтініш қажетті көшірмелермен, белгіленген үлгідегі мәліметтер мен анықтамалармен бірге тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау жөніндегі журналға тіркеледі. Жәрдемақыға құқығын анықтаған кезде басқа қалаларда уақытша тұрып жатқан адамдар оны сәйкес құжаттармен растаған жағдайда отбасында есептелмейді.

16. Қажеттілігіне қарай уәкілетті орган тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауға өтініш білдірген отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеруге құқығы бар. Тексеру актісі тұрғын үй жәрдемақысын алушының жеке ісін е

қосылады.

17. Уәкілетті орган ұсынылған құжаттарды қарау нәтижесі бойынша өтініштің барлық қажетті құжаттармен түсімі берген уақыттан бастап 10 күн ішінде есептеу жүргізеді және отбасына тұрған үй жәрдемақысын беру жөнінде келісім-шарт жасалады. Келісім-шарт екі данада жасалып, оның біреуі тұрғын үй алушыда сақталады. Аталған келісім-шарт тұрғын үй жәрдемақысын беру үшін негіз болып табылады. Уәкілетті органмен ай сайын тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау жәрдемақысы жүргізіледі, оның түбіртегі өтініштің барлық қажетті құжаттармен түсімі берушінің өтінішіне қарай беріледі. Қатты отын сатып алуға кеткен шығынды есептеу бір жылда бір рет қатты отынды сатып алғандығы жөніндегі анықтаманың негізінде есептілінеді.

*Ескерту. 17 тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2008.04.03 N 390/5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен; өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2009.07.03 N 488/13 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.*

18. Тұрғын үй жәрдемақысының мөлшері тұрғын үйді ұстауға көп бөлмелі тұрғын үй кондоминимумы объектісінің жалпы мүлкін күрделі жөндеу, коммуналдық қызметті тұтынуға, қатты отынды сатып алуға өтемақылық шаралармен қамтамасыз етілетін нормалар шегінде нақты шығындармен, қалалық телекоммуникация желісінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына төлем және тұрғын үй жәрдемақысына үміткер



отбасының шектік жіберілетін шығындар деңгейінің айырмасы ретінде е с е п т е л е д і .

*Ескерту. 18 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2007.07.12 N 312/34 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.*

19. Өтініш беруші шынайы емес мәліметтер бергені үшін және ұсынылған құжаттардың түпнұсқалықтарына қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес жауапкершілік жүргізеді.

20. Тұрғын үй жәрдемақысын алушылар 15 күннің ішінде тұрғын үй жәрдемақысын алу құқығына және мөлшеріне әсер ететін жағдайлар жөнінде уәкілетті органдарға хабарлауға міндетті.

21. Ұсынылған сай келетін жұмыстан бас тартқан немесе қоғамдық ақы төленетін жұмыстардан немесе оқуды өз еріктерімен тоқтатқан жұмыссыз азаматтары бар отбасылар арнайы комиссияның қорытындысы бойынша бас тартқан, оқуды тоқтатқан немесе қоғамдық ақы төленетін жұмыстарға қатысуды тоқтатқан уақыттан бастап бір жыл ішінде тұрғын үй жәрдемақысын алу құқығынан айырылады, ал артық төленген сомалар өз еркімен немесе заңнамада белгіленген тәртіп бойынша қайтарылуға жатады.

22. Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызмет ақысын төлеуге рұқсат етілетін шығындар шегінің үлесі, коммуналдық қызметтердің тарифтері өзгерген жағдайда бұрында тағайындалған жәрдемақылар тиісті өзгерістер болған уақыттан бастап қайта тағайындалады.

23. Тұрғын үй жәрдемақысын ұсынуға негіздемесіз келісім-шарт жасауға немесе жәрдемақыны жоғары мөлшерде есептеу мен төлеуге әкеліп соқтырған шынайы емес мәліметтер ұсынылған жағдайда, арнайы комиссияның қорытындысы бойынша өтініш беруші бір жылдың ішінде тұрғын үй жәрдемақысын алу құқығынан айырылады, тұрғын үй жәрдемақысы түрінде алынған заңсыз сомалар өз еркімен немесе заңнамамен белгіленген тәртіпте қайтарылуға жатады.

## **5. Жиынтық табысты есептеу**

24. Тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер отбасының жиынтық табысын (бұдан әрі – жиынтық табыс) тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті орган есептейді (бұдан әрі – уәкілетті орган).

25. Отбасының жиынтық табысын есептегенде отбасы құрамында бірге тұратын, шаруашылықты бірге жүргізетін және тұрғылықты бір жерде тіркелген отбасының барлық мүшелері ескеріледі.

Есепті кезеңде құрамында өзгерістер болған отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде келген (кеткен) отбасы мүшесінің табысы келесі тоқсанның бірінші айынан бастап есепке алынады (есепке алынбайды).

26. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде тұрғын үй жәрдемақысына өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы (бұдан әрі - есепті кезең) Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде ақшалай немесе заттай түрде алынған табыстың барлық түрлері есептеледі.

27. Егер отбасының бір мүшесі табыс есептелетін тоқсаннан аз уақыт жұмыс істесе, осы тоқсанда жұмыс істеген барлық уақыты отбасының жиынтық табысына есептеледі.

28. Бір тоқсанан астам уақытқа төленуге тиесілі табыс бір мезгілде алынған кезде (оның ішінде жалақы, алимент, зейнетақы, жәрдемақылар бойынша берешектер) жиынтық табысқа есептік кезеңде алынған табыстың барлық сомасы есептеледі.

29. Шетелдік валютада алынған табыс Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы заңнамасында және бухгалтерлік есеп стандарттарында белгіленген тәртіппен валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютаға қайта есептеледі.

30. Ортаайлық табыс отбасының өткен тоқсандағы жиынтық табысын 3 айға бөлу жолымен есептеледі.

#### **6. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде есепке алынатын табыс түрлері**

31. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде есепті кезеңде алынған табыстың мынадай барлық түрлері есепке алынады:

- 1) еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынатын табыс;
- 2) кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен түсетін табыс;
- 3) балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент түріндегі табыс;
- 4) жеке қосалқы шаруашылықтан - мал мен құс ұстауды, бағбандықты, бақша өсіруді қамтитын үй жанындағы шаруашылықтан түсетін табыс;
- 5) өзге де табыс.

Отбасының жиынтық табысында мыналар есепке алынбайды:

- 1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;
- 2) тұрғын үй жәрдемақысы;
- 3) жерлеуге арналған бір жолғы жәрдемақы;
- 4) бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы;
- 5) жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек.

Егер жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек мақсатына сай пайдаланылмаса, жиынтық табыс көрсетілген көмек сомасын ескере отырып есептеледі;

- б) отбасы мүшелерінің біреуі осы отбасында тұрмайтын адамдарға төлейтін

а л и м е н т ;

7) азаматтардың тегін немесе жеңілдікпен протездеуге бару жолына ақы төлеу ;

8) протездеу уақытында азаматтарды ұстау;

9) азаматтардың елді мекеннен тыс жерлерге емделуге тегін немесе жеңілдікпен жол жүру құны;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес: дәрілік препараттар; санаториялік-курорттық емдеу; протездік-ортопедиялық бұйымдар (жасау және жөндеу); жүріп-тұру құралдары (кресло-арбалар) мен мүгедектерге бөлінген басқа да сауықтыру құралдары; білім алу кезеңінде оқушыларды тегін тамақтандыру түрінде көрсетілген заттай көмек түрлері.

11) ақшалай және заттай түрдегі (құндық бағадағы) қайырымдылық көмек;

12) төтенше жағдайлар салдарынан олардың денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу мақсатында отбасына көрсетілген көмек.

32. Жиынтық табысты есептеу кезінде отбасының мынадай (осы Ереженің 9-тармағында көрсетілгендерден басқа) түрде алынған табысы есепке алынады:

1) жұмыс беруші еңбекақы ретінде есептеген, атап айтқанда: жалақының барлық түрлері, оның ішінде кесімді, мерзімді, сондай-ақ ақшалай және заттай нысандағы сыйлықақылар, қосымша ақылар, үстемеақылар (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жалақысы сақталатын кезеңге қызметкерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленетін ақшалай соманы қоса алғанда, қаржыландыру көзіне қарамастан);

демалыс уақытында сақталатын жалақы, сондай-ақ пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін ақшалай өтемақы;

ұйым (заңды тұлға) таратылған немесе жұмыс берушінің (жеке тұлғаның) қызметі тоқтатылған, қызметкерлер саны немесе штаты қысқартылған жағдайда жеке еңбек шартының бұзылуы кезінде, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде төленетін өтемақылар;

уақытша, маусымдық және қоғамдық жұмыстарды орындау кезеңіндегі жалақы ;

Маусымдық жұмыстармен айналысатын қызметкерлердің жалақысы оны алған кезеңнен бастап отбасының жиынтық табысына есептеледі. Жалақы болмаған кезеңде ол жиынтық табысқа есептелмейді.

сақтандыру агенттері мен брокерлерге төленетін комиссиялық сыйақы;

бала туғанда және жерлеуге берілетін жәрдемақылардан басқа, жалақы есептеу кезінде ескерілмейтін және ұйым қаражатының есебінен төленетін басқа

д а т ө л е м т ү р л е р і ;

мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің ақшалай үлесін қоспағанда, әскери қызметшілердің, оның ішінде келісім-шарт бойынша қызмет өткеріп жүргендердің және ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының, сондай-ақ соларға теңестірілген азаматтар санаттарының үстемеақылар мен қосымша ақылар ескерілген ақшалай үлесі; жалдау бойынша төленетін еңбекақы;

жұмыс беруші төлеген несиені сомасы. Көрсетілген төлемдер несиені өтеудің белгіленген мерзіміне бөліп таратылады;

2) әлеуметтік төлемдер, атап айтқанда:

Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерінде белгіленген тәртіппен тағайындалатын зейнетақылардың барлық түрлері, оларға өтемақы төлемдері;

мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар; арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар;

жерасты және ашық кен жұмыстарында, сондай-ақ еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнаулы жәрдемақылар;

мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер;

бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне берілетін мемлекеттік жәрдемақылар;

үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек-балаларды материалдық қамсыздандыру;

қаржыландыру көзіне қарамастан, оқушыларға, студенттерге, аспиранттарға, докторанттарға, басқа да оқу орындарының тыңдаушыларына төленетін стипендия;

жұмыс берушінің қаражаты есебінен берілетін әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақылар;

1, 2-топтағы жалғыздікті, басқа адамның көмегіне мұқтаж мүгедектердің мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларына қосылатын күтімге арналған қосымша үстемеақылар мен жергілікті мемлекеттік басқару органдарының шешімі бойынша бюджеттен берілетін басқа да ұдайы төлемдер;

жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен көрсетілетін, қалаішілік қоғамдық көлікте жүруге берілетін материалдық (әлеуметтік) көмек;

заңдарға және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес берілетін, осы Ереженің 31-тармағының 10) тармақшасында көрсетілгендерден басқа, заттай көмек түрлерінің құны, сондай-ақ осы көмектің орнына төленетін сома; осы бөлімде көрсетілген, Қазақстан Республикасының заңнамалық

кесімдерінде белгіленген, жергілікті мемлекеттік басқару органдары, мекемелер мен басқа да ұйымдар белгілеген барлық төлем түрлеріне өзге де үстемеақылар мен қ о с ы м ш а а қ ы л а р .

33. Жиынтық табыстың құрамына қызметкер еңбек және қызметтік міндеттерін атқару кезінде оның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы заңнамаға сәйкес жұмыс беруші төлейтін бір жолғы төлемдер мен ай с а й ы н ғ ы с о м а қ о с ы л а д ы .

34. Азаматтық-құқықтық шарттар бойынша (мердігерлік және басқа) жұмыстарды орындайтын адамдардың табысы шарт қолданылатын бүкіл кезеңге жиынтықталады. Алынған табыс жұмысты орындау үшін шартта көзделген айлардың санына бөлінеді және есепті кезеңге келетін айлардағы жиынтық т а б ы с т а е с е п к е а л ы н а д ы .

35. Азаматтық-құқықтық шарттар бойынша, оның ішінде ғылыми, әдеби және өнер туындыларын және тағы басқаларын жасауға, шығаруға, орындауға немесе өзге де пайдалануға алынған, осы шарт есебіне аванспен төленетін сыйақылар аванс берудің бүкіл кезеңіне (ай сайын теңдей үлеспен) есепке алынады, ал қалған сома шарттың аванс бергеннен кейінгі қолданылу кезеңіне (ай сайын теңдей үлеспен) е с е п к е а л ы н а д ы .

36. Авторлық сыйақылар (шарттар болмаған кезде), сондай-ақ жаңалық ашқаны, өнертабыстар мен рационализаторлық ұсыныстары үшін сыйақылар жиынтық табысқа сыйақы сомасын ол алынған айлардың санына бөлуден алынған үлес мөлшерінде қосылады және есепті кезеңге келетін айлардың с а н ы н а к ө б е й т і л е д і .

37. Еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынған табыс олардың мөлшері туралы а н ы қ т а м а л а р м е н р а с т а л а д ы .

38. Жиынтық табысты есептеу кезінде кәсіпкерліктен және басқа да қызмет тү р л е р і н е н :

- 1) өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан;
- 2) тауарлық-материалдық құндылықтарды, мүлікті сату кезіндегі құн өсімінен ;
- 3) шаруа (фермер) қожалығы қызметінің нәтижесінде және шартты жер үлесі мен м ү л і к ж а р н а с ы н а н а л ы н ғ а н .

Шаруа қожалығы мүшелерінің жиынтық табысын есептеу салық органдарына ұсынылатын, алынған табыс туралы декларацияда көрсетілген ауыл шаруашылығы өнімін сатудан нақты алынған табыс ескеріле отырып жүргізіледі. Бұл ретте жылдық табыс он екі айға бөлінеді және оның тиісті бөлігі айқындалатын кезеңдегі жалпы жиынтық табысқа қосылады;

- 4) өзін-өзі жұмыспен қамтудан түскен табыс есепке алынады.

39. Жекелеген азаматтарда жұмыс істейтін адамдар жалақысын шарттың

көшірмесімен, жалға алушының анықтамасымен немесе өтініш негізінде  
р а с т а й д ы .

Жекелеген азаматтарда шарттар жасамай жұмыс істейтін адамдардың жиынтық табысы олардың өтініштері негізінде расталады. Бұл ретте жалақының заттай бөлігі жиынтық табысқа нарықтық баға бойынша ақшалай баламада қ о с ы л а д ы .

40. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың табысы жазбаша өтінішпен  
р а с т а л а д ы .

41. Кәсіпкерлік қызметпен арнаулы салық режимі жағдайында айналысатын адамдардың табысы бір жолғы талон, патент, оңайлатылған декларация негізінде  
р а с т а л а д ы .

42. Балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент жиынтық табыс құрамында есепке алынады. Алименттер, сондай-ақ алимент төлеушінің жалақысын қайта есептеуге байланысты алынған алименттің қосымша сомасы жиынтық табысқа олардың алынған уақыты бойынша есепке алынады.

43. Адамдардың асырауындағыларды ұстауға міндетті адамның тұрғылықты жері туралы мәліметтердің болмауы себебінен алимент өндіріп алуға мүмкіндігі болмаған жағдайда, отбасының жиынтық табысы көрсетілген адамның іздеуде жүргені туралы тиісті органдардан алынған құжаттар қоса берілген жазбаша өтініш негізінде есептеледі.

44. Егер төлеуші алимент төлеуден жалтарған жағдайда, жеке басының өтініші мен орындау қағазының немесе сот орындаушысының берген алименттерден берешектігі туралы анықтама негізінде жиынтық табысқа алимент есепке алынбай есептеледі.

45. Егер ата-анасының арасында неке бұзылмай жұбайлардың біреуінен алимент өндіріп алынса, осы жұбайы отбасымен бірге тұрған кезде оның табысы жиынтық табыста толық есепке алынады. Жұбайлар бөлек тұрған жағдайда, отбасының жиынтық табысында алимент есепке алынады.

46. Егер баланың анасы баланың әкесімен тіркелген некеде тұрмаса, онымен бірге тұрмаса және алимент өндіріп алу туралы сот шешімі болмаса жиынтық табысқа алиментті есепке алмай есептеледі.

47. Балаларға және басқа да асырауындағыларға алынған алимент ұйымдардың аударылған алимент туралы анықтамаларымен не почта аударымдарының алынған алимент туралы түбіртегімен, сондай-ақ сот органдарының алимент өндіріп алу туралы шешімі қоса берілген жазбаша өтініш негізінде расталады. Алимент бойынша 3 айдан астам кезең үшін берешек пайда болғанда сот орындаушысының алимент бойынша берешекті айқындау туралы қ а у л ы с ы ұ с ы н ы л а д ы .

48. Жеке қосалқы шаруашылықтан (үй малын, құс өсіруден, ауыл

шаруашылығы (гүл) өнімдерін өсіруден) түскен табыс жиынтық табыстың  
қ ұ р а м ы н а қ о с ы л а д ы .

49. Жиынтық табыста есепке алынатын жеке қосалқы шаруашылықтан, ауыл шаруашылығы (гүл) өнімдерін өсіруден, мал мен құс ұстаудан және өсіруден алынған табыс өтініш берушінің кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі немесе басқа да құзыретті орган растаған жеке қосалқы шаруашылығының болуы және мөлшері туралы мәліметтерінің негізінде әрбір отбасы бойынша е с е п т е л е д і .

50. Жеке қосалқы шаруашылықтан алынған табысты уәкілетті орган осы Ережеге 3, 4, 5, 6 қосымшалардың негізінде есептейді.

Жеке қосалқы шаруашылықта өсірілген гүл өнімдерін сатудан, сондай-ақ терісі бағалы аңдар, ара, құс (тауықтан, қаздан, үйректен басқа) өсіруден алынған табыс жиынтық табысқа жазбаша өтініштің негізінде қосылады.

51. Бір сотка жерден (бір бастан) өндірілген өнімнің құны өсірілетін дақылдың орташа түсімін (жеке қосалқы шаруашылықта ұсталатын мал мен құстың орташа өнімділігін) 1 килограмм өнімнің орташа бағасына көбейту жолымен айқындалады (осы Ережеге 4 қосымшаға сәйкес) және шығыстардың орташа деңгейі шегеріледі.

52. Табысты есептеу үшін алдыңғы күнтізбелік жылдың өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдеріне облыста қалыптасқан, облыстық статистика органдары облыстық уәкілетті органға ұсынатын орташа жылдық бағалары пайдаланылады.

Малды (құсты) есепті кезеңде сату кезінде жиынтық табысқа облыстық статистика органдарының деректері бойынша тірі мал нарығында қалыптасқан бағалар бойынша бір жолғы табыс қосылады.

Жиынтық табыс жұмыс малы (жылқы, түйе және басқалары) мен бір жыл ішінде төлдемеген малдан (мәселен, қысыр сиыр) түскен табыс ескерілмей есептеледі. Жеке қосалқы шаруашылықта көрсетілген мал бір жылдан астам ұсталса, табыс ет бағытындағы малдан түскен табыс ретінде есепке алынады.

53. Осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес өнім бермейтін жастағы (төл) үй малынан, құстан түсетін табыс ол сыйға тартылған немесе өткізілген (сату, сою және тағы басқа) жағдайда ғана есепке алынады. Төлдің құны отбасының жиынтық табысына тірі мал нарығында қалыптасқан, облыстық статистика органдары ұсынған бағалар бойынша қосылады.

54. Осы Ереженің 53-тармағында көрсетілгендерден басқа, үй малы, құс болған кезде жиынтық табыс табыстың жылдық сомасын он екі айға бөлу жолымен айқындалады. Шыққан сан есепті кезеңдегі айлардың санына көбейтіледі.

55. Жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табыс есебінің жеке нормативтік

карточкасын осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті орган өтініш берушінің деректері негізінде толтырады.

56. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде мынадай өзге де табыс есепке алынады:

- 1) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден;
  - 2) бағалы қағаздардан (дивидендтер);
  - 3) шетелдік валютаны өткізуден;
  - 4) асыл тастар мен қымбат бағалы металдарды, олардан жасалған зергерлік бұйымдарды және құрамында асыл тастар мен қымбат бағалы металдар бар басқа да заттарды, сондай-ақ өнер туындыларын және антиквариат сатудан;
  - 5) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан;
  - 6) авторлық сыйақы түріндегі;
  - 7) жылжымайтын мүлікті, көлік құралдарын және басқа да мүлікті сыйғарту, мұрагерлікке алу түрінде алынған;
  - 8) несиені (шағын несиені) пайдаланудан;
  - 9) қайтарымсыз алынған ақша;
  - 10) ақша салымдары бойынша сыйақы (мүдде);
  - 11) ақшалай аударымдар;
  - 12) конкурстарда, жарыстарда (олимпиадаларда), фестивальдарда, лотереялар, салымдар мен борышкерлік бағалы қағаздар бойынша ұтыстарды қоса алғанда, ақшалай және (немесе) заттай түрдегі ұтыстар;
  - 13) туысқандарының және басқа да адамдардың ақшалай және заттай көмегін (құн түрінде) қоса алғанда, өзге де мәлімделген табыс.
- Көрсетілген табыс алынған уақыты бойынша есепке алынады және жазбаша өтінішпен расталады.

Орта білім беру, сондай-ақ жоғары және орта арнаулы білім беру жүйесінде ақылы негізде күндізгі бөлімде оқитын шәкіртақы алмайтын студенттердің жиынтық табысына ерікті айтылған табысы есептеледі.

57. Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден алынған, ресми расталмаған табыс бір айдағы ең төмен жалақыдан кем емес мөлшерде есепке алынады.

58. Алынған несиелердің (шағын несиелердің) сомасы жиынтық табыста есепке алынбайды.

59. Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан алынған табыс оның алынған күннен бастап бірге жалпы жиынтық табысқа қосылады.

Басқа тұрғын үй (көлік құралын) сатып алған жағдайда, жылжымайтын мүлікті (көлік құралын) сатудан алынған сома мен сатып алынған тұрғын үй (



көлік құралы) құнының арасындағы айырма отбасының жиынтық табысында есепке алынады.

Азаматтарға	тұрғын	үйді	ұстауға,
коммуналдық	қызмет	көрсету	үшін
тұрғын	үй	жәрдемақыларды	беру
және	қалалық	телекоммуникация	
желілерінің		абоненттеріне	телефон
үшін	абоненттік	ақы	тарифтерінің
арттырылуына	өтемақы	берудің	Ережесіне
1-қосымша			

*Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2007.07.12 N 312/34 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.*

### **Өтініш**

Өтінушімен қоса \_\_\_\_\_ адамнан тұратын, менің отбасыма тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметті төлеуге шығындарды өтеу бойынша жәрдемақы \_\_\_\_\_ есептеуіңізді \_\_\_\_\_ сұраймын.

Мен және менің отбасымның мүшелері заңды және жеке тұлғаларға ұсынылуы мүмкін, менің отбасымның мүшелерінің табысы туралы мәліметті тұрғын үй жәрдемақысының қызметіне беруге біздің келісіміміздің расталуындай, табыс туралы ақпаратты ашуға рұқсатымызды береміз.

Мен өзіме жоғары мөлшерде және заңсыз өтемақы тағайындату үшін жалған, сенімсіз мәліметтерді тұрғын үй жәрдемақысы қызметіне ұсынғаныма бір жыл ағымында жәрдемақы алу құқығынан айрылатынымды, тұрғын үй жәрдемақысы түрінде заңсыз алынған сома белгіленген заңнамалық тәртіпте қайтарылуға жататынын білемін, меншікті тұрғын үй нысаны, отбасы құрамы немесе жиынтық табыстағы әрбір өзгерістер туралы 10 күн ағымында хабарлауға м і н д е т т е н е м і н .

Алынған тұрғын үй жәрдемақысын есеп айырысуға келісіп, қызмет берушілер есепшотына аударуға міндеттенемін.

Өтінушілердің деректері

Өтінушінің аты-жөні \_\_\_\_\_

Жеке басын куәләндыратын құжат деректері \_\_\_\_\_  
туған күн мерзімі,

\_\_\_\_\_ жеке куәліктің N және берілген уақыты  
ИЖН \_\_\_\_\_

Табыс түрі \_\_\_\_\_  
зейнетақы, жалақы, стипендия және тағы басқа

Өтініште көрсетілген табыстан өзге табысым жоқ.  
 Тұрғылықты жай ауданы \_\_\_\_\_, көше \_\_\_\_\_  
 Үй N \_\_\_\_\_ пәтер N \_\_\_\_\_ телефон \_\_\_\_\_  
 Құрамында \_\_\_\_\_ Тұрпаты \_\_\_\_\_  
 ОБК, ПМК және тағы басқа \_\_\_\_\_ жеке, мемлекеттік  
 Жалпы алаң \_\_\_\_ кв.м. Қосымша алаң \_\_\_\_ кв.м. Бөлме саны \_\_\_\_\_  
 Өтінушінің қолы \_\_\_\_\_

Беру мерзімі \_\_\_\_\_

Азаматтарға тұрғын үйді ұстауға,  
 коммуналдық қызмет көрсету үшін  
 тұрғын үй жәрдемақыларды беру  
 және қалалық телекоммуникация  
 желілерінің абоненттеріне телефон  
 үшін абоненттік ақы тарифтерінің  
 арттырылуына өтемақы берудің Ережесіне  
 2 қосымша

**Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметке төлем бойынша шығындар туралы МӘЛІМЕТ**

Төлеуші \_\_\_\_\_

Мекен-жай \_\_\_\_\_

Жалпы алаң \_\_\_\_\_ кв.м. Бөлме саны \_\_\_\_\_

Үйдің жалпы сипаттамасы \_\_\_\_\_

(газ, лифт, ыстық су)

Халық банкі филиалының N \_\_\_\_\_ есепшот N \_\_\_\_\_

Төлем түрі	Тариф	Есептелді	Ұйымның мөртабаны
1. Тұрғын үйді ұстауға шығындар			
2. Жылу			
3. Суық су			
4. Канализация			
5. Электрмен жабдықтау			
6. Газ			
7. Қоқысты шығару			
8. Телефон			
9. Тұрғын үйді жалға алу			
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>X</b>		

Маманның қолы \_\_\_\_\_

Қабылдау мерзімі \_\_\_\_\_

Азаматтарға коммуналдық тұрғын үй және желілерінің үшін арттырылуына 3-қосымша

тұрғын қызмет үй қалалық телекоммуникация абоненттеріне абоненттік ақы өтемақы берудің Ережесіне

**Қарағанды облысының табиғи жағдайы бойынша әкімшілік-аумақтық аудандардың ТІЗБЕСІ**

Қуаң дала аймағы	
Қарағанды	1. Нұра 2. Қарқаралы 3. Осакаров 4. Абай 5. Бұқар жырау Қарағанды қаласы Сарань қаласы Шахтинск қаласы Теміртау қаласы

Азаматтарға коммуналдық тұрғын үй және желілерінің үшін арттырылуына 4-қосымша

тұрғын қызмет үй қалалық телекоммуникация абоненттеріне абоненттік ақы өтемақы берудің Ережесіне

**Қуаң дала аймағындағы жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін табысты есептеудің нормативтік карточкасы**

Өсімдік шаруашылығының өнімі

Өнім	Жердің 1 соткасының орташа түсімі, килограмм	Жердің 1 соткасына жұмсалған шығыстың орташа еңгейі, теңге	1 килограмм өнімнің орташа бағасы, теңге	1 соткадан өндірілген өнімнің құны, теңге (2-бағ. x 4-бағ.)	1 сотка жерден түскен табыс (+), шығыс (-), теңге (5-бағ - 3-бағ.)
1	2	3	4	5	6
Бидай	20	268			

Арпа	25	188			
Қарамық	5	150			
Жүгері (жасыл салмағы)	100	128			
Көп жылдық шөптер	15	91			
Бір жылдық шөптер	10	83			
Картоп	70	1164			
Көкөністер	80	1245			
Бақшалар	115	518			
Шекілдеуік бақтары (алма, алмұрт және басқалары)	30	583			
Сүйекті жеміс бақтары (өрік, қара өрік және басқалары)	22	514			
Жидек дақылдары	23	819			
Жүзім	22	595			

### Мал шаруашылығының өнімі

Өнім	1 бастан алатын орташа өнімділік килограмм (л)	1 басқа жұмсалған шығыстың орташа деңгейі, теңге	1 килограмм өнімнің , (1 л, 10 дана жұмыртқаның) орташа бағасы, теңге	1 бастан өндірілген өнімнің орташа бағасы теңге (2-бағ. x 4-бағ.)	1 бастан түс табыс (+), шығыс (-), теңге (5-6-бағ.)
1	2	3	4	5	6
Сүтті ірі қара мал (сүт)	1900	21034			
Етті ірі қара мал (сиыр еті)	179	16435			
Шошқалар (шошқа еті)	110	9107			
Қойлар, ешкілер ет/жүн	22/2,5	3042			
Жылқы (жылқы еті)	124	7446			
Түйе (түйе еті)	126	2979			
Жұмыртқалайтын құс (жұмыртқа)	200 жұмыртқа	728			
Етті құс (құс еті)	2,5	489			

Азаматтарға коммуналдық тұрғын және желілерінің үшін арттырылуына 5-қосымша тұрғын және қалалық жәрдемақыларды телекоммуникация абоненттеріне абоненттік ақы берудің өтемақы үйді көрсету үшін беру тарифтерінің Ережесіне ұстауға, үшін беру

### Азық-түліктік пайдаланылатын үй малдары мен құстарының жасы

Малдардың түрі	Өлшем бірлігі	
----------------	---------------	--

		Өнім беру жағдайына жеткен мал төлінің және құстардың жасы
Ірі қара мал	ай	25
Қойлар мен ешкілер	ай	12
Шошқалар	ай	10
Жылқылар	ай	16
Түйелер	ай	18
Жұмыртқалайтын құс	күн	195
Етті құс	күн	125

Азаматтарға коммуналдық тұрғын үй және желілерінің үшін арттырылуына б-қосымша тұрғын қызмет үй қалалық жәрдемақыларды телекоммуникация абоненттеріне телефон тарифтерінің абоненттік ақы берудің өтемақы берудің Ережесіне

**Жеке қосалқы шаруашылығынан түсетін табыс есебінің ҮЛГІ ЖЕКЕ НОРМАТИВТІК КАРТОЧКАСЫ**

Өтініш берушінің Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

Үйінің мекен-жайы \_\_\_\_\_

Ауыл шаруашылығы дақылдарының, үй малдарының, құстарының түрлері	жер, сотка, мал басы, саны	Жылына түсетін табыс нормативі, теңге	Жылына түсетін табыстың барлығы, теңге	бір тоқсанда түсетін табыстың барлығы, теңге
Бидай				
Арпа				
Дәні алынатын жүгері				
Күріш				
Қарамық				
Картоп				
Көкөністер				
Бақшалар				
Күнбағыс				
Қант қызылшасы				
Темекі				
Шекілдеуік бактары				
Сүйекті жеміс бактары				
Жемістер				
Жүзім				

Көп жылдық шөп				
Бір жылдық шөп				
Жасыл жемге берілетін жүгері				
Сүтті ірі қара мал				
Етті ірі қара мал				
Шошқалар				
Қойлар мен ешкілер				
Жылқылар				
Түйелер				
Жұмыртқалайтын құс				
Етті құс				
Жиыны: бір жылғы табыс	x	x		
Жиыны: бір тоқсандағы табыс	x	x	x	x

200\_\_ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің қолы)

(есепті жасаған адамның Т.А.Ә. және қолы)

Азаматтарға тұрғын үйді ұстауға,  
коммуналдық қызмет көрсету үшін  
тұрғын үй жәрдемақыларды беру  
және қалалық телекоммуникация  
желілерінің абоненттеріне телефон  
үшін абоненттік ақы тарифтерінің  
арттырылуына өтемақы берудің Ережесіне  
7 қосымша

*Ескерту. Шешім 7 қосымшамен толықтырылды - Шахтинск қалалық мәслихатының 2009.07.03 N 488/13 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.*

**200\_\_ж \_\_\_\_\_тоқсанда  
Өтінушінің отбасы мүшелерінің алған табыстары туралы  
МӘЛІМЕТ**

(АӘТ)

(мекенжайы, телефоны)

N	Отбасы мүшелерінің АӘТ	Жұмыс, оқу орны (жұмыссыздар тіркеу жөніндегі деректерді жұмыспен қамту мәселелері бойынша уәкілетті органның анықтамасымен растайды)	Табыстардың құжат арқылы расталған сомалары		Басқа мәлімделген табыстар	
			Табыс түрі	Сом, теңге	Табыс түрі	Сом, теңге


Өтініш берушінің қолы \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_